

Келісемін

МКҚК №1 «Күншуақ» б/б

әдіскері: Аса Асанова Л.М

« 28 » 08 2025-2026ж

Бекітемін

МКҚК №1 «Күншуақ»

менгерген: Барикова Г.Ж

« 28 » 08 2025-2026ж



МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
«Балдәурен» ортаңғы тобының 2025-2026 оқу жылына арналған
ата-аналар жұмыс жоспары

2025 – 2026 оқу жылы

Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру саласындағы ата-аналардың құзыретін арттыру үшін, балалардың біртұтас дамуын, отбасыларына жауапты қарым-қатынастарды дамыту.

Міндеттері:

1. Ата-аналар арасында педагогикалық білім туралы ақпарат беру.
2. Бала тәрбиелеуде практикалық көмек көрсету
3. Ата-ананың топ тәрбиешілеріне сенімдерін қалыптастыру, тәрбиешінің әдістемелік көмек көрсетуіне сеніммен қарап, бала тәрбиесіне қатысты ұсыныстарына жауапты қарау

Жұмыс түрлері	Мазмұны	Қатысушылар	Әдіс-тәсілдер
Қыркүйек			
Бірлескен ұжымдық жұмыс	Ата-аналар жиналысы: Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» Күн тәртібінде: 1. Баяндама ««Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»». Орынбаева Э.Т 2. Жаңа оқу жылының сабақ кестесімен таныстыру. 3. Ата-аналар комитетін сайлау.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Түсіндірме
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Денсаулықты қалай сақтау керек.»	Тәрбиешілер Медбике кеңесі	Кеңес
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Менің бақытты отбасым» отбасы суреттері Жылжымалы папка дайындау.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Жылжымалы папка дайындау.
Қазан			
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Қазақстан – Республика менің»(тәрбие сағаты) Жылжымалы папка дайындау	Тәрбиешілер Тәрбиеленушілер	Жылжымалы папка дайындау
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	Ертеңгілікке дайындық «Арайлы Алтын күз» Көрме дайындау.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ертеңгілік
Қараша			
Жеке жұмыс түрлері	«Кітап біздің досымыз» (кітап бұрышына саяхат)	Тәрбиешілер. Тәрбиеленушілер	Кітаптарды қарау

Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Ертегілер еліне саяхат» (балалармен жұмыс)	Тәрбиешілер	Ертегі бұрышына саяхат		
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Спорт біздің досымыз» (жаттығулар) «Бағдаршам тілін ұғып тыңда»	Тәрбиешілер.	Қимылды жаттығулар Түсіндірме жұмысы		
Желтоқсан					
Жеке жұмыс түрлері	1. Медбике кеңесі «Педикулездің алдын алуға болады» 2. Балаларды дидактикалық ойындар арқылы сөйлеу қабілетін дамыту.	Медбике Тәрбиешілер.	Кеңес Ойындар дайындау		
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Тәуелсіз елдің ұланымыз» (тәрбие сағаты)	Тәрбиешілер. Ата-аналар	тәрбие сағаты		
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	Ертенгілік «Жаңа жыл-жаңа жыр!» Жаңа жылдық, көрме дайындау.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Жаңа жылдық ертенгілік		
Қаңтар					
Бірлескен ұжымдық жұмыс	1. Ата аналар жиналысы. 1. Медбике кеңесі. Індеттен сақ болайық! 2. Баяндама: «3-4 жастағы балалардың өз бетінше әрекет етуге тәрбиелесу» 3. Ситуациялық сұрақтар	Тәрбиешілер. Медбике	Ата-ана жиналысы		
Жеке жұмыс түрлері	«Қыс қызығы» (далада серуендеу) «Ақ серек, көк серек» ұлттық ойыны	Тәрбиешілер.	Серуен Ойын		

Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Қыс қызығы» (көрме)	Ата аналар Тәрбиешілер.	Көрме
Ақпан			
Жеке жұмыс түрлері	«Тұмаудан сақтан!» (балалармен жұмыс)	Тәрбиешілер.	түсіндірме
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Жолдан абайлап өтеміз» (қауіпсіздік ережелері)	Тәрбиешілер	ойын
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Өрттен сақ болыңыз» (түсіндірме жұмыс)	Тәрбиешілер. Ата аналар	суреттер
Наурыз			
Жеке жұмыс түрлері	3-4 жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Тәрбиешілер	Кенес
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«8-наурыз Аналар мерекесі» дайындық Ертеңгілік «Анашым, анажаным»	Тәрбиешілер Ата-аналар	Ертеңгілік
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	22-наурыз «Армысың, Әз-Наурыз» мерекесі ертеңгілік.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ертеңгілік
Сәуір			
Жеке жұмыс түрлері	«Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қауіпсіздік ережелері»	Тәрбиешілер	түсіндірме
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	Қимылды ойындар: «Кім жылдам!»	Тәрбиешілер	ойын

Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	«Толағай» отбасылық сайыс	Тәрбиешілер. Ата аналар	сайыс
Мамыр			
Бірлескен ұжымдық жұмыс	Ата-ана жиналысы: «Бала өміріндегі ертегілердің алатын орны» 1. Жыл бойғы балалардың жетістіктері 2. Ата-ана жоспарын қорытындылау; 3. Жазғы сауықтыру жоспарымен таныстыру. 4. Ата-аналар комитетінің есебі. 5. Қортындылау	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ата-аналар жиналысының күн тәртібі
Жеке жұмыс түрлері	«Кім епті, кім жылдам» (таңғы шынықтыру жаттығулары)	Тәрбиешілер. Балалар	жаттығулар
Ұйымдастыру-насихаттау жұмысы	«Балапандар оялды» (ұйқыдан тұрғаннан кейінгі сауықтыру жаттығу)	Тәрбиешілер.	жаттығу
Балабақша өміріне ата-аналардың қатысуы	Даладағы аландарды безендіру.	Тәрбиешілер. Ата-аналар	Ұйымдастыру

«Тексерілді» _____
МКҚК №1 «Күншұақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

«Балдәурен» ортаңғы тобы

Тәрбиешілері: Орынбаева Э.Т

Маханбет А.М

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

Қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл — қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі — ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы. Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата — ана тәрбиесінің орнын ешнәрсенің алмастыра алмайды. Отбасы — өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын.

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты — баланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

— Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.

— еңбек сүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне — өзі қызмет етуге үйрету.

— Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым — қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету.

— Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу. Бұл міндеттер жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім — тәрбие беріледі.

«Баланы жастан», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген даналық сөздердің мағынасы өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Осы кезде «Балаңыздың тәрбиесін бастамас бұрын, өзіңіздің мінез — құлқыңызды,

өмірге көзқарасыңызды ой елегінен өткізіп, бақыладыңыз ба?» деген сауал туады.

Ұлы педагог А. С. Макаренко: «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата — ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата — ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады» деген.

Отбасы — барлығының басы, жан — жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата — ана мен баланың қарым — қатынас нәтижесінде, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше — баланың алғашқы тәрбиешілері.

Ата — аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс.

Бала бақыты — білімде. «Білім бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды», — дейді А. Байтұрсынов.

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата — аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата — аналармен қарым — қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата — ананың қызығушылығын арттыру мақсатында

жұмыс жасаса, ата — ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді. «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында» жас шамасына қарай құрылған әрбір топтың күн тәртібі белгіленген, әр кезеңге лайықты іс-әрекеттің түрлері, дене, ақыл-ой күшіне сай сергектігі, таза ауада болуы, демалысы, тамағы, ойыны, қимылы нақты анықталған.

Барлық мектеп жасына дейінгі топтағы балалардың демалысы мен іс-әрекетінің түрлері ортақ, тек жылдан жылға олардың мазмұны күрделеніп, тапсырма көлемі артады, ұйқысы мен сергектігінің ұзақтығы өзгереді. . Балабақша мен отбасы арасындағы сенімді іскерлік қарым-қатынас орнату – екі арадағы байланыс негізінде педагог және ата-аналардың сабақтастығы тәрбиелеуде қателік болса, түзетуге септігін тигізеді. Егерде отбасымен бірлесе жұмыс істемесе, қандай дене шынықтыру-мәдени-сауықтыру бағдарламасы болмасын, нәтижесі, отбасында денсаулықты сақтау технологиясын ұйымдастыруда, әртүрлі формадағы жұмыс түрлерін қолданамыз: ата-аналар үшін балалармен ашық сабақтар; ата-аналар жиналысында педагогикалық әңгіме жүргізу; кенестер; ашық есік күні; мерекелерге ата-аналардың дайындалуға, өткізуге көмегі; сауалнама алу. Денсаулықты сақтау педагогикалық технологиясын қолдану тәрбие-білім беру үрдісінің нәтижесін көтереді. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, нығайтуға бағытталған - ата-аналар мен педагогтар жұмысы алға ұмтылуға бағдарланады. Балада салауатты өмір салтына деген танымдық қызығушылығы тұрақтанады.

Анықтама.

Ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

Күні: 16.09.2025 ж

Қатысқан ата-аналар: 20

Қатыспаған ата-аналар: 5

Күн тәртібінде:

Ата-аналар жиналысы:

Күн тәртібінде:

1. Баяндама: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы». Орынбаева Э.Т

2. Жаңа оқу жылының сабақ кестесімен таныстыру.

3. Ата-аналар комитетін сайлау.

Мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру саласындағы ата-аналардың құзыретін арттыру үшін, балалардың біртұтас дамуын, отбасыларына жауапты қарым-қатынастарды дамыту.

Міндеттері:

1. Ата-аналар арасында педагогикалық білім туралы ақпарат беру.

2. Бала тәрбиелеуде практикалық көмек көрсету

3. Ата-ананың топ тәрбиешілеріне сенімдерін қалыптастыру, тәрбиешінің әдістемелік көмек көрсетуіне сеніммен қарап, бала тәрбиесіне қатысты ұсыныстарына жауапты қарау. Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Орынбаева Э.Т «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» атты баяндама оқыды. Балабақша балалардың екінші үйі, жарқын болашағы, өсіп-өнеді, тәрбие алады. Болашағымыз балалар олардың жауапкершілігі біздің қолымызда.

Екінші мәселе бойынша, тәрбиеші Махамбет А.М., ұйымдастырылған оқу қызметінің міндетін және күн тәртібіне тоқталып өтті. Балалармен мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша жұмыстар атқарылатынын атап өтті. Топтағы барлық бала саны, сабақ кестесі, және күн тәртібі бойынша жұмыстар атқарылатынын атап айтты.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері ата-аналардан сұрақтары болса, ортаға салып талқылауымызды атап өтті. Ата-аналар, тұмаудан сақ болуларын және тазалықты сақтау керектігін айтты.

Әр түрлі мәселелер бойынша, тәрбиеші Орынбаева Э.Т ортаға сөз берді. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қажет құралдарын толық әкеліп тапсыруларына ұсыныс берді. Балаларды тұмаудан сақ болуын қадағалауды атап өтті. Балалардың тазалығын, балабақшадан себепсіз калмауын, кешікпей келуін, тамақтың төлемақысын уақытылы төлеуін атап өтті. Қазіргі жағдайға байланысты ата-аналар жиналысын кездесу арқылы өткізіліп отырғанын атап өтті. Балаларды бастысы тұмаудан сақтау, денсаулығын нығайту және тазалықты үнемі қадағалауды басты міндет екенін атап айтты.

Қорытынды: «Балдәурен» ортаңғы тобындағы кезекті ата-аналар жиналысында қаралған мәселелерді бір ауыздан мақұлдады.

Жауаптылар: Барлық ата-аналар мен топ тәрбиешілері.

Дауыс беру нәтижесі: «Ия».

Кезекті ата-аналар жиналысы аяқталды. Сау болыңыздар!

Ата – аналар жиналысы



Ата-аналар жиналысы

Хаттамасы №

Ташкент: "Отбаси мен балабақшада
жетекшілік" жиналысы

Кезең: 16.09.2025 ж.

Қатысқан ата-аналар: 20

Жетекшілік ата-аналар: 5

Күн тәртібінде:

Ата-аналар жиналысы:

1. Балабақша: "Отбаси мен балабақшада
жетекшілік" жиналысы

2. Маңа оқу жиналысы ұйымдастырылған
және жиналыс жиналысы.

3. Ата-аналар комитеті сайлау.

Мақсаты: жиналыс жиналыс били беру
сайлауға ата-аналардың өзін-өзі
артыру, үшін балабақшада бірінші,
жалпы, отбасындағы маңа
және жиналыс жиналыс.

Жиналыс:

1. Ата-аналар арасында жиналыс

Силли туралы аз ырымат берүү.

2. Бала турбасын үчө прагматикалык көмөк көрсөтүү.

3. Ана-амалы топ турбасын: еркес сүйлө-
гүрүн прагматикалык, турбасын үчө
оңдестиник көмөк көрсөтүүгө сүйлөмүн
чоруп, бала турбасын детекстти үчөмүн
тарыхна маңайын керүү.

Турбанын ичине багыныша, турбанын
орынбасын 2-м, башкап мен багыныша
иттиктасын: аттык багыныша
оңдур. багыныша багыныша сүйлө-
чү, керүүн багыныша, өсөп-өсөт.

турбасын оңдур. багыныша багыныша
оңдур. багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша, турбанын

Мохамедет А. и. багыныша багыныша
оңдур. багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша

мошенары багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша

багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша

багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша

багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша

багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша

багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша

багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша
багыныша багыныша багыныша багыныша

«Тексерілді» Аса
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова ЛМ

«Денсаулықты қалай сақтау керек?»

«Балдәурен» ортаңғытобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т .

Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Бүгінгі таңда заманымызға сай дені сау, ой өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Дені сау ұрпақ- еліміздің болашағы. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-анаың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бүлдіршін, балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі баланы дене жағынан тәрбиелеу ерекше орын алады. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады. Балабақшада дене жаттығулары мынандай түрге бөлінеді: таң ертеңгі жаттығу, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар, қарапайым туризм. Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл- ой адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы құрал болып табылады. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысушылар да ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. Сөйтіп таңертеңгі жаттығу жасау алдында мүлде ерекше міндеттер қойылмайды, атап айтқанда: бала организмін «ояту», оның ерекшелігі қалыпқа келтіру, жан-жақтылыққа, бірақ бұлшық ет жүйесіне жайлап ықпал ететіндей, организмнің жүрек, тынысы және басқа функцияларының қызметін белсендіру, ішкі органдар мен сезім органдарының жұмысын стимулдау, тұлғаның дұрыс, жүрістің жақсы қалыптасуына ықпал ету, табанның қисайып кетпеуін болдырмау. Егер балалар күн сайын таңертең дене жаттығуын жасауға дағдыланса және мүдделі болса, ертеңгілік жаттығу сонысымен құнды. Осындай пайдалы әдет адамда өмір бойында сақталады. Баланың бақытты болуы үшін, дененің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек.

Таңертеңгі жаттығу жылдың жылы мезгілдерінде алаңда, ал суық көздерде залда , өткізіледі. Белгілі бір тәртіппен іріктелінген дене жаттығуларының үйлесуі **комплекс** деп аталады. Бір ғана комплекстің өзі екі апта бойы қайталанылады.

Барлық топтарда күнделікті таңертеңгі жаттығулар ұйымдастырылады. Таңертеңгі жаттығулар әр айда екі рет ауыстырылады. Бұл жаттығулардан кейін негізгі қимылды дамытатын жаттығулар ұйымдастырылады. Орындалатын жаттығулар- рет қайталанады. Ең соңында жаттығулардан кейін көңілді , қызықты, қимылды ойын ұйымдастырылады.

Тәрбиешінің артынан шеңбер бойында жай жүру, аяқтың ұшымен жүру.

БК – аяқты алшақ қойып, қолды төменде,

1- қолды алға созамыз.

2- қолды жоғары көтереміз.

3- бірінші қалыпқа келеміз. (3-4 рет)

БК – аяқты алшақ, қолды белге қойып,

«Сағаттың тілі»

1- оңға иілеміз

2- солға иілеміз

Бірнеше рет қайталаймыз.(5-6 рет)

БК – аяқты алшақ, қолды төмен басымызбен оңға, солға иілу. (4-5 рет)

«Қарлығаш» болып ұшамыз

«Қоян» сияқты секіреміз.

Жай жүру, дем

алу.

Таңғы жаттығу: сапқа тұру, бастаушыға қарап түзелу, баяу жүру, аяқтың ұшынан өкшкге қарай ауыса жүру. Кіші және үлкен адыммен ізді баса жүру. Орнымыздан баяу жүгіру.

БҚ. Қолды белге қойып мойнымызды айландыру.

БҚ. Қолды иыққа қойып алдыға, артқа айналдыру 3-4 рет

БҚ. Белге жаттығулар 3-4 рет.

БҚ. Аяққа жаттығулары 3-4 рет.

Баяу жүгіру, тыныс алу жаттығулары.

БҚ. «кірпі» баяу, және дем сыртқа, ішке 3-4 рет қайталау.

Қимыл қозғалыс жаттығулары: «Қонжықтар» допты екі тізесінің арасына қыстырып, белгіленген жерге дейін секіреді « лақтырам қағып ал» қимылды ойын. Балаларға еркін жүріп дем алту.

Қатарға бір- бірден сапқа тұру.

Адымдап арақашықты сақтап жүру.

Орнымыздан баяу қалыпта жүгіру.

Баяу қарқын мен тізбені сәл бүгіп, өкшеден аяқтың ұшына қарай ауыса жүгіру.

Қарқынды өзгерте отырып белгі бойынша тоқтай жүгіру.

Қол ұстасып шеңбер бойымен жүгіру.

Қолды белге қойып, аяқтың ортасын сәл ашып бас, омыртқа, мойынға арналған жаттығуларды 4-5 рет қайталап жасау.

Қолды белге қойып аяқтың ортаын сәл ашып, бел, омыртқа, жота тұсына арналған жаттығулар 4-5 рет жасау тыныс ал жаттығулар: «Кірпі», шар үрлеу т.б жасалады және уқулау массаж бетке, мұрынға, құлаққа, қолға 5-6 рет қайталап жасау.

«Тексерілді» Асан
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

**«Менің бақытты отбасым»
«Балдәурен» ортаңғы тобы**

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А.М

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы "Менің бақытты отбасым"

Міндеті: Балаларға отбасы туралы түсінік беру, өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері:

Көтеріліп шаңырақ,

Уықтары шаншылар.

Керегелер керіліп,

Өрімдей боп өрілер.

Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй болып көрінер. Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық?

Ал, киіз үйде кімдер тұрады?

Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? Дұрыс айтасындар.

Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз туралы болмақ.

Балалар, айналамызға қарасак, көптеген үйлерді көреміз.

Ол үйлерде кімдер тұрады деп ойлайсындар?

Иә, балалар, барлық үйдің өз отбасы болады олар бір - бірімен тату - тәтті тұрады.

Қане, балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көрейік.

Жұмбақ:

Онсыз қызық жоқ маған, онсыз бақыт жоқ маған.

Ол әр баланың панасы, ол не екен, балалар? (отбасы)

Міне балалар, бұл жұмбақтың шешуі отбасы екен

Олай болса бәріміз тақтаға назар аударайықшы.

Бұл суретте кімдердің суретін көріп тұрсындар?

Иә, бұл суретте сүйіспеншілігі мол, бір - біріне ыстық ықыласпен, аялы сезіммен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырмыз.

Отбасы туралы әңгімелеу.

Ойын: " Менің отбасым"

Міндеті: Балаларды тапқырлыққа, есте сақтау қабілетін дамытуға баулу.

Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін табу.

Сергіту жаттығуы:

Атамның алып күрегін,

Ауланың қарын күредім.

Әжеме мен құдықтан,

Су әкеліп беремін.

Еденді де жуамын,

Шаң - тозаңды қуамын.

Ойын сұрақ: " Көңілді доп"

- Отбасы мүшесін ата.

- Отбасында кімді жақсы көресің?

- Отбасында кімге сыйлық жасайсың?

- Анаңа қалай көмектесесің?

- Үйге қонақ келгенді ұнатасың ба?

- Дастархан басында өзіңді қалай ұстайсың?

- Үйдегі ініңе, қарындасыңа қалай көмектесесің?

- Жарайсындар, балалар, өте жақсы.

Үстел үсті ойыны:

"Қуыршақты киіндіреміз"

Міндеті: балаларды адамгершілікке, сыйластыққа, мейірімділікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Шарты: қатты қағаздан қиылған қуыршақ макетін киім үлгісімен киіндіру.

Балалардың жұмысын мадақтау.

Балалар, қуыршаққа өте жақсы киімдерін киіндіре білдіңіздер, адамгершілік, мейірімділік қасиеттеріңізді көрсете білдіңіздер.

Өте жақсы балалар.

Қорытынды: Біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат отбасымыз туралы әңгімеледік. Біз оларды жақсы көруді, сыйлауды, көмектесуді үйрендік. Отбасы ең жақын адамдардың ошағы екенін білдік. Ойындар ойнадық. Бүгінгі балалар өте жақсы қатысып, сұрақтарға жауап бере білдіңдер. Бәріміз бірге отбасымызға тілек сөздер айтып, бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

«Менің сүйікті отбасым»



«Бақытты отбасы» сурет салу көрмесі

Ерекше көрмедегі суреттердің әрқайсысы бақытты балалық, туған жер табиғаты, ата-ана мейірімі мен жақсы көңіл-күйді бейнелейді. Сезімтал өрендердің назарына іліккен қас-қағым сәттер шынайылығымен баурайды. Туған дала төсінде асыр салып ойнаған балғындар, қошақандарына сүт берген бүлдіршін. Немересіне мейірімін төккен әже. Бақытты жанұя.. Әр суретті жеке-жеке талдап, ең таңдаулыларын анықтаған мамандар бұл көрменің балалардың шығармашылық ізденістерінің жан жақты екендігін көрсеткендігін айтады.



«Сыпайы бала тәрбиелеудің құпиясы» ата-аналарға арналған жадынама

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаныз.
6. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.



7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлескен сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
11. Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермелесіңіз.
12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.

«Тексерілді»

МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

**«Қазақстан – Республикам менің»
«Балдәурен» ортаңғы тобы**

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А.М

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Қазақстан – Республикам менің»

Міндеті: Мектеп жасына дейінгі балаларда азаматтық негіздері мен патриотизмді қалыптастыру, туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін кеңейту. өздері тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы туралы білімдерін жетілдіру; балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту; еліміздің жетістіктеріне мақтаныш сезімін, мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Тәрбиеші:

Елімнің атын айтса – Қазақстан,
Жерімнің атын айтсам – Қазақстан.
Қойнауы қызынаға толған мекен,
Байлығым атын айтсам – Қазақстан!

Тәрбиеші: Балалар, ендеше бүгінгі күнімізді Отанымызға арнаймыз.

Балалар:

Бірге күлсін бүлдіршін
Ұл қолында ту жүрсін
Қыз қолында гүл жүрсін.

Ән ұран орындалады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!
Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Күз мезгілі.

Тәрбиеші: Дұрыс, күз мезгілі. Күз айларын атайық.

Балалар: Қыркүйек, қазан, қараша. Күз бізде 3 ай қонақта болады.

Тәрбиеші: Ал ендеше бүгінгі ұйымдастырылған іс- әрекетімізді сұрақ-жауаптан бастайық.
Кім айтады біздің еліміз қалай аталады? Біз қай елде өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Қазақстан елінде өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар. Біз өз алдына бөлек Қазақстан деген тәуелсіз, егеменді елде өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар мемлекеттік рәміздерді атаңдаршы?

Балалар: Ту, Елтаңба, Гимн.

Ән: « Қазақстаным Отаным». Барлық балалар әуенмен әнді орындайды.

Отанымыз, қазақ жері туралы кім тақпақ айтып береді?

Әли-Мухаммед:

Тәуелсіздік еліміз
Мәңгі жасар жеріміз
Тәуелсіздік жасаған
Аға, әпкелеріміз

Есения::

Праздник в Казахстане
Мы радостно встречаем
И с Днем независимости!
Вас мы поздравляем,

Ән: «Отан- Ана». Балалар әнді әуенмен орындайды.

Жарайсыңдар, балалар!

Ендеше балалар ұжыммен бәріміз топтасып жұмыс жасаймыз.

Барлық балалар Мемлекеттік туды қылқаламмен бояйды.

Тәрбиеші: Тамаша балалар, біз Отанымызбен мақтанамыз. Осындай елде емін-еркін өмір сүріп жатырмыз. Біз тәуелсіз елде тыныш өмір сүріп жатырмыз.

Тәуелсіз елде тату-тәтті өмір сүрейік деген ниетпен бүгінгі ұйымдастырылған іс – әрекетімізді тамаша әнімен аяқтаймыз.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін». Барлық балалар орындарынан тұрып, әуенмен, қимылмен, әнді орындайды.

Қорытынды:

Нені біледі: өздері тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы туралы біле

Қандай түсініктерді игереді: Сұрақтарға толық жауап беру арқылы, сөйлеу мәдениетін игереді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Отан, мемлекеттік рәміздер туралы меңгерген.

Тақырыбы: Ата-аналармен балалардың бірлескен көрмесі «Күз сыйлықтары»

25 - Қазан күні «Алтын күз келді жерімізге!» мерекесі аясында «Күз сыйлықтары» атты-шығармашылық жұмыстардың көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге балабақша бүлдіршіндері мен олардың ата-аналары жоғары белсенділікпен ат салысты. Тақырып күз сыйын молынан пайдаланып, табиғи материалдардың түр-түрін пайдалануға шек қоймады. Ағаш жапырақтары, көкөністер, бұтақтар, жеміс-жидектер ата-аналар мен оларға көмектескен балаларының шебер қолдары мен асқақ қиялдары арқасында неше түрлі қиял-ғажайып дүниелерге айналды. Көрмеге «Балдәурен» тобының ата-аналары мен балалары қатысты.





Күзгі көрме



«Тексерілді» Асан
МККК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

**«Арайлы алтын күз»
«Балдәурен» ортаңғы тобы**

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А.М

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: "Арайлы Алтын күз"

Міндеті: Алтын күз мерекесін өткізу. Күз туралы түсініктерін кеңейту. Балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау.

Тәрбиеші:

Құрметті қонақтар! Балалар! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше «Арайлы алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.. «Балдәурен» ортаңғы тобының бүлдіршіндерін қарсы алайық! (әуенмен қолдарында жапырақтары бар балалар залға кіреді)

Тәрбиеші: Жапырақтар сап – сары

Қонып жатыр жерге кеп

Қызықтап бау – бақшаны

Шаттанады бал + бөбек.

Тәрбиеші: Балалар кім күз мезгілі туралы тақпақ біледі?

Н.Максим

Қамба толды астыққа

Алғыс саған алтын күз.

Бір ұыс дән шаштық та,

Қап - қап қауын алдық біз

Мариям:

Осень наступила

Высохли цветы

И глядят уныло

Голые кусты.

Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты. Ол кім болды екен?

Күз Ханшайымы: Сәлем менің достарым,

Өмірге көп қосқаным,

Күз сыйлығын алыңдар

Сыйлығына қаныңдар.

Молшылыққа кенеліп,

Шаттық әнге салыңдар.

Тәрбиеші: Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

Ән: «Алтын күз келді»

Күз Ханшайымы: Рахмет, менің достарым!

Би: «Тиындар» **Есения, Асылым, Полина, Аймира, Р София, Шарапат**

Тәрбиеші: Ендеше балаларымыздың тақпақтарын тыңдайық **Айару, Айназ, Дәмелі.**

Айару:

Күзім-ау, күзім-ау,

Мінезін бұзық – ау

Жаңбырын сіркіреп,

Келгенің қызық – ау

Айназ:

Алтын, сары, қызыл, көк

Алуан - алуан жапырақ

Ағаштардан жамырап

Ұшты кенет жамырап

Дәмелі:

Айнала жым-жырт,

Көк аспан сұрғылт.

Жер жыртқан тыңда
Трактор қырда

Тәрбиеші: Теңіздей тербетіле көл бетіне,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған
теңіздегі,

Әншілер өнерлерін көрсетуде
Ендеше Күз ханшайымы біздің балаларымыздың билерін тамашалайық!
Би: «Қолшатыр». Мариям, Полина, Айару, Айназ, С Софья, Медина, Есения, Дәмелі.
Күз Ханшайымы: Жарайсыңдар балалар! Мен де кұр келмедім. Сендермен ойын
ойнағым келіп тұр.

Ойын: «Қолшатыр».

Тәрбиеші: Ханшайым сізге балалар күз мерекесіне арналған тақпақтарын ұсынады.

Ульяна:

Ветер листьями играет,
Крутит, вертит, поднимает.
Осень шепчет: «Вот пора!» —
Здравствуй, осень, детвора

Данил:

Кап-кап-кап по крышам,
Дождик песенку слышим.

Тәрбиеші: Ханшайым сізге балалар күз мерекесіне арналған би ұсынады.

Би: «Саңырауқұлақтар». Ульяна-М Максим, Айназ-Алдиар, Айару-Әлім, С Софья-Н
Максим, Медина-Данил, Мариям-Арсенни, Никита-Дәмелі

Ойын: «Жеміс жидектерді жина»

Күз Ханшайымы: Жарайсыңдар балалар маған өнерлерін қатты ұнады!

Көп рахмет. Сендерге күздің дәмін ала келдім. (алма таратып береді) **Тәрбиеші:** Күздің
кереметі, байлығы өте көп. Күзде біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге,
жеміс - жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін көп еңбек ету керек. Міне
балалар осымен «Арайлы Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Сіздерді күз
мерекесімен құттықтаймын, әр отбасыға бақыт - береке тілеймін!

«Тексерілді» Асаф
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Кітап біздің досымыз»
«Балдаурен» ортаңғытобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Кітап - біздің досымыз»

Міндеті: Балаларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу. Баланың білімділік танымын өмірмен байланыстыра отырып арттыру. Балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру, кітаппен достастыру.

Біз бүгін балалар, осы жерге не үшін жиналып отырмыз. Оның сырын білу үшін үлкен тақтадағы жұмбақты шешейік.

Қабат - қабат қатталған,

Асыл сөзбен апталған.

Парағы бар сөйлейтін,

Ол қазына өлмейтін. (Кітап)

«Кітап - біздің досымыз»

Тәрбиеші: Кітап - ғылым, ол бүкіл адам баласына ортақ. Кітап - ғылым, білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап - ақылдың кені. Кітап - бар білімнің бастауы. Кітап - барлық заманда да білім қазынасының ғажайып қоймасы. Өз бетімен кітап оқып, оның көмегімен үздік білім алған, сөйтіп атақты ғалым болған адамдарда дүние жүзінде аз емес.

Кітап: Мен адамның досымын. Менің атым - кітап. Мені жасау үшін адам баласы көп еңбек сіңірді. Алдымен адам орманнан ағаш кеседі. Оны фабрикаға апарады. Содан соң оған авторлар жазады, суреттер салады. Баспаханаға жазулар мен суреттерді басып, кітап етіп шығарады.

«Кітап - ғажайып дос»

Адамның досы кітап, өмір кілті,

Тең келмес оған жиган дүние - мүлкі

Ақылы, жанға серік, жол бастаушы,

Асыл ой, қазынасы, өмір көркі.

Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады,

Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады

Жеткізіп өткендердің өсиетін,

Шешіліп кейде достай сырласады.

Кітапты оқымайды сыйламаған,

Білімге жанын жайып қинамаған.

Өсірген кімнің болсын ой - өрісін,

Сол кітап бек ақылы күнде маған.

Түлекті тәрбиелер кітап - мектеп,

Өседі сол кітаптан бұтақ көктеп.

Молайтып ақылыңды сан еселеп,

Береді білім нәрін кітап көптеп.

«Кім көп біледі?» Ойынын ойнайық (мақал - мәтелдер айтылады.)

1. Кітап - асыл қазына

2. Оқу - білім бұлағы,

Білім - ырыс қазығы.

3. Қына тасқа бітеді,

Білім басқа бітеді.

4. Білікті бірді жығады,

Білімді мыңды жығады.

5. Оқу - білім бұлағы,

Білім - өмір шырағы.

6. Оқу түбі тоқу.

7. Оқусыз білім жоқ,

Білімсіз күнің жоқ.

8. Оқу инемен құдық қазғандай.

Тәрбиеші: Кітап - шебер ұстаз, тілсіз мұғалім. Кітап - адал пейіл, асыл дос.

Қойған жерінде жатады, қолыңа алсаң, өзіңе тіл қатады.

Бөбектерім оқы, ойна,

Оқу - білім саған пайда.

Кітабыңның шетін жыртып,

Сияменен бояп қойма.

«Тапқыр болсаң, шешіп көр» Ойынын ойнайық (жұмбақтар жасырылады.)

1. Ұсынған қойныңнан

Білімнің үлесін.

Шықпайды ойыңнан,

Досың зой білесің. Бұл не? (Кітап)

2. Білімнен мол сый асы,

Балалардың ұясы (мектеп)

3. Білімнің жолбасшысы

Шәкірттің қолбасшысы (мұғалім)

4. Айғағы жоқ, айтары көп,

Айтқанынан қайтары жоқ (кітап)

Балалар бүгін біз кітап туралы мақал мәтел, тақпақтар оқыдық және жұмбақтар шештік. Өте жақсы жауап бердіңдер. Рахмет сендерге, балалар.

«Кітап біздің досымыз»



«Тексерілді» Асф
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

*«Ертегілер еліне саяхат»
«Балдәурен» ортаңғы тобы*

Тәрбиешілері: Орынбаева Э.Т

Маханбет А.М

2025-2026 оқу жылы

«Ертегілер еліне саяхат»

Біз балаларға ертегілерді әңгімелеу, сосын сұрақ-жауап, сахналау арқылы түсіндіреміз. Ертегі арқылы баланы жақсылыққа, батылдыққа, мейірімді болуға үйретеміз, қиялын ұштаймыз. Қазақ ертегілерінің тарихы тереңде жатыр. Жәй ақыл айтумен шектелгеннен гөрі, баланы ертегі арқылы тәрбиелеу әлдеқайда тиімді. Олар ертегідегі батырларға, жағымды кейіпкерге көп еліктейді. Ал осы ертегілер арқылы бала айналасындағы өмірді, адамдарды кеңірек танып ұстанымдылыққа еңбек сүйгіштікке ие болады.

Ертегілердің тұрмыс-салт, қиял-ғажайып, жануарлар туралы болып бөлінетіні белгілі. Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, оқиғаның өрбуі, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс-әрекет өткір сықақ-мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала кейіпкердің жағымсыз әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу тәрбиешінің шынайы шеберлігіне тікелей байланысты.

«Үйшік» ертегісі

Алаңда бір үйшік тұр еді. Жертесер тышқан оны көріп қалды.

-Неткен үйшік! Кімдікі бұл үйшік?

Ешкім жауап қатпады. Тышқан үйшікке кіріп, сонда тұра бастады. Секіріп бақылдауық бақа келді.

-Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

-Мен, жертесер тышқанмын. Ал сен кімсің?

-Мен - бақылдауық бақамын

-Кел, бірге тұрайық

Екеуі бірге тұра бастады. Секектеп секек қоян келді.

-Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

-Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, ал сен кімсің?

-Мен - секек қоянмын.

-Кел, бірге тұрайық

Олар үшеуі болды. Жүгіріп жылмаң түлкі келді.

-Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

-Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа және секек қоян, ал сен кімсің?

-Мен - жылмаң түлкімін

-Кел, бірге тұрайық

Олар төртеу болды. Үйшікке аю келіп, есік қақты.

-Неткен үйшік! Үйшікте кім тұрады?

-Біз – жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, ал сен кімсің?

-Ал мен – жантайғыш аюмын. Үйшігіңе жантая кетсем – бәрің жаншылып қаласыңдар.

Қорқып кеткен аңдар үйшіктен қашып шықты. Ал жантайғыш аю үйшіктің үстіне жантая кетіп еді, үйшік қирап қалды. Жертесер тышқан, бақылдауық бақа, секек қоян, жылмаң түлкі, жантайғыш аю жиналып жаңа үлкен, әдемі үйшік салып, бірге өмір сүрді.

«Ертегілер еліне саяхат»



«Тексерілді» _____
МКҚК №1 «Күншұақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Спорт-біздің досымыз»

«Балдәурен» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т

Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Спорт-біздің досымыз»

Міндеті: Балалардың денесінің жалпы дайындығын жақсарту, жағымды эмоционалды көтеріңкі көңіл күй ортасын туғызу, ойынға олардың қызыға қатысуына жағдай жасау. Денсаулығы мықты, күшті, сулу да сымбатты болу үшін денені шынықтыру спортпен айналысудың зор екенінің маңызын түсіндіру. Ұлттық ойындарды қолдана отырып, халықтық тәрбиені бала бойына сіңіру, бірбіріне деген силастық, қамқорлық қатынасын нығайту, қимыл қозғалыс әрекетін, ойынға деген белсендіктерін арттыру, ептілікке, еркіндікке, баптылдыққа, тапқырлыққа, жылдамдылыққа бау.

Денсаулық- ол шыныққан

Барлық дене мүшесі

Жүйке тамыр

жүйесі.

Ендеше сайысқа қатысып, мыңнан жүзірік, жүзден тұлпар атанғаны отырған сайыскерлерімізді ортаға шақырайық.

Сәби шақтан бастап біз,

Шынығуды сүйеміз,

Ашық күнмен достасып,

Жалаң аяқ жүреміз.

Қыста, жазда әрдайым,

Ауырмаймыз бәріміз.

Шынықтыруды жасап біз,

Мықты болып өсеміз, деп

Спорттық сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер!

Сайыс шарттары

Ойын «Кім шапшаң?»

Ойын шарты: Доптарды бір нысанадан екінші нысанадан кедергілерден өтіп тасымалдау

Ойын «Кенгуру»

Ойын шарты: Гимнастикалық шарлармен секіру

Ойын «Теңе теңдікті сақтау»

Ойын шарты: Бір бастан келесі басқа деңіш ракетка добымен жүгіріп келу.

Ойын «Көңілді доп»

Ойын шарты: допты бір-біріне құлатпай жылдам беру.

Жүргізуші: Кімдер күшті, кім алып

Күш сынасып байқайық!

Арқан тартып тіресіп

Қарсыласты

жығайық!

Ойын «Арқан тарту» - қазақтың ұлттық ойыны

Ойын шарты бойынша екі топ бір біріне қарама қарсы келіп тұрады. Топ басшылары арқанның қызыл жіп байлаған белгісін, қалған балалар бастаушының артынан қатар тұрып арқанды ұстайды.

Жүргізуші Міне, бүгінгі «Спорт- біздің досымыз» атты эстафеталық жарысымыз өз мәресіне жетті.

Жүргізуші Өнерге биік сеніңіз,

Думанға қызық келіңіз.

Әділ қазы ел сенген,

Өнерге баға беріңіз!

Топтарды мадақтап, құттықтау.

«Спорт біздің досымыз»



«Тексерілді» 
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Бағдаршам тілін ұғып тыңда»

«Балдәурен» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Орынбаева Э.Т

Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Бағдаршам тілін ұғып тыңда»

Міндеті:

Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру

Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің

белгілерімен таныстыру

Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бағдаршам, жол белгілері салынған суреттер, интерактивті тақта, жол ережесіне арналған кітаптар.

Тәрбиеші:

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба ол қатер тудырады.

Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп,

доп құалайтыны, шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны

, қаатарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін

бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады.

Үлгілі, тәртіпті бала көшеде, жолда жүру ережесін заңын бұзбайды.

Сонымен қандай бала жол ережесін бұзбайды?

Балалар: Үлгілі, тәртіпті бала.

Тәрбиеші: Ал енді » Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймын.

Негізгі бөлім:

Тақтадағы жұмбақтарды шешу:

Жұмбақтар

1. Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Өміріңді күзеткен. (Автобус)

2. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,

Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)

3. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,

Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)

4. Арқаным бар тым ұзын,

Ала-алмайсың бір үзім.

Табыңдаршы, балалар,

Бұл жұмбақтың шешуін. (Жол)

5. Өзі сөйлей білмейді,

Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді. (Бағдаршам)

Тәрбиеші: Бағдаршам өмірімізді жазымынан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тізіп алу баршамызға керек.

1. Неге?

Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер,

көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.

2. Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен, көрейік. Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші.

3. Жиек жол деген не? Адамдар жаюу жүретін көше жиегіндегі тар жол.

4. Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? Көлік

жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.

Тақтада

Қызыл – Тоқта!

Сары – Сақтан!

Жасыл – Жол ашық!

Қызыл көзін ашқанда,

Сынық сүйем баспа алға!

Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма асқанға!

Жасыл көзін ашқанда,

Өте бергін, жасқанба!

Балалар бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады.

Тәрбиеші: Бағдаршам жоқ көшелерден қалай өтеміз?

Егер өтетін жерде бағдаршам болмаса көшеден өте бере әуелі сол жаққа қараймыз. Көшенің орта тұсына жеткенде, оң жағымызға көз саламыз. Егер ол жақтан машина келе жатса, өтіп кеткенше, сол орында күте тұрамыз. Ендеше, мына жолдармен бағдаршамсыз, бағдаршам барда қалай жүретінімізді көрейік.

Бала қалай өтетінін көрсетеді.

Бағдаршам:

Тұрамын көшенің қиылысын тұрақтап,
Қашпаймын мүдіріп, ешқандай сұрақтап,
Белгісі жолдардың төрт топтан тұрады,
Жарқырап көрінер түнде де жырақтап.

Бағдаршам:

Алса кезек үш көзін,
Айтты деп үш сөзін.
«Тоқта, сақтан, жол ашық!»
Жүрме жолға таласып.

Тыйым салу белгісі:

Қызылмен боялған, иеңбермін аумақты,
Тыйымшыл белгімін, қаталмын салмақты.
Мен тұрған жерлерде хақың жоқ жүруге,
Қауіп бар, бағдарла көз салып жан – жақты.

Міндеттеу белгісі:

Белгімін көрсетер жылдамдық бағытты,
Міндетті бұрылыс, әйтпесе қауіпті.
Барлығын анықтап тұрамын жолыңда,
Абай бол, шартыңды міндетті орында!

Нұсқау белгісі:

Баратын жеріңнің бағытын, тұрағын,
Үн – түнсіз жол сілтеп, жол нұсқап тұрамын.
Күндіз де, түнде де от болып жанады,
Көк түске боялған төрт бұрыш шырағым.

Тәрбиеші: Балалар, біз әр белгінің не мақсатта қолданылатынын білдік.

Қорытындылау:

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетті қорыта келе деніміз сау, еліміз тыныш, жол тәртібін сақтап, аман – есен жүрелік.

Ирек – ирек көшелер,
Көше деген мың ирек,
Қиындыққа әйтсе де,
Үйренесің біртіндеп.
Барар жерге асықпа,
Бәйге алмайсың бұрын кеп.

«Бағдаршам тілін ұғып тыңда»



«Тексерілді»

МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Педикулездің алдын алу шаралары»

«Балдаурен» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

2025- 2026 оқу жылы

Педикулёздің алдын алу гигиеналық шараларды сақтаудан тұрады. Жеке гигиенаны сақтау. Кір мен киімді үнемі ауыстырып отыру керек (аптасына кемінде 2 рет). Сондай-ақ, төсек-орындарды үнемі жоғары температурада жуу маңызды (басқалардың төсек-орынынан аулақ болу керек). Киімдерді мұқият үтіктеңіз (әсіресе тігістердің айналасында). Кейбір топтарда (балабақиналар, мектептер, студенттер жатақханалары) профилактикалық іс-шараларды балалар мекемесіне бейітілген

тәрбиешілер мен дәрігерлер жүргізуі керек.

Жеке профилактика іш киім мен төсек-орын жабындарын ауыстыра отырып, денені жүйелі түрде жуудан, балаларды үйде, сондай-ақ балалар топтарында мерзімді тексеруден, қанағаттанарлықсыз санитарлық-тұрмыстық жағдайларда (жолда ұзақ уақыт болу) киімді педикулезге бақылау тексеруге; битпен ауыратын адамдармен қарым-қатынастың алдын алу.

Егер сіз мектепте, балабақшада бас биті туралы білсеніз, балаңыздан мынаны сұраңыз:


- достарыңызбен киімді, әсіресе шарфтарды және бас киімдерді ауыстырмаңыз;
- тек өзіңіздің шапш шотқаңызды және шапш қастырғышыңызды пайдаланыңыз;
- бассейнде шапш қалпақ астына жасырыңыз;
- басқа біреудің сүлгісін қолданбаңыз.

Егер сіздің балаңыз бит жұқтырған болса, жеке алдын-алу шараларын қолданыңыз:

- балаңыздың педикулезбен ауырғанын сол күні отбасының барлық мүшелерін тексеру;
- бала киетін және ұйықтайтын төсеніштерді қайнатып, үтіктеңіз;
- үйіңіз бен келігіңізді шаңсорғышпен тазалаңыз.

Өзіңізге және айналаңыздағы адамдарға мұқият болыңыз! Сау болыңыз!

Педикулездің алдын алу (кеңес)



«Тексерілді»

МКҚК №1 «Күншуақ»

бөбекжай-балабақшасының

әдіскері: Асанова Л.М.

«Балаларды дидактикалық ойындар арқылы сөйлеу қабілетін дамыту»

«Балдаурен» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

2025- 2026 оқу жылы

Дидактикалық ойындардың тәрбиелік мәні.

Ойынның түрлері көп, соның ішінде маңыздысы- дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы баланың ой-өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қолды. Дидактикалық ойындарды педагогикалық процестерге қосқанда тәрбиеші солардың ішінен балаларға ыңғайлы ойындарды таңдап алады, олар бүлдіршіндерді ақыл-ой тәрбиесіне, адамгершілікке, эстетикалық сезімге тәрбиелейді. Дидактикалық ойындарды бала тәрбиесіне енгізу үшін тәрбиешілер көптеген жұмыстарды атқарады, балалар ойындарды қалай қабылдайтынына назар аударады. Бұл дидактикалық ойындар жан-жақты қамтылған әртүрлі мағынадағы мақсатқа бағытталған. Балабақшаға жаңа келген бөбектер үйренгенше өздерін әртүрлі ұстайды. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет-ойын.

Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады. Жас бүлдіршіндерге сабақтарды ойын ретінде көркем құралдар арқылы, сабақтан тыс уақытта, серуенде өткізеді. Тәрбиешілер бала бойына ойындарды қызықты да, әсерлі сіңіру арқылы ақыл-ой өрістерін дамытуды мақсат етеді. Сондай-ақ бүлдіршіндердің адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау, еңбек адамдарына, басқа ұлт өкілдеріне, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлінеді.

Балалар алдарына қойылған дидактикалық тапсырмаларды өз беттерінше орындау үшін тәрбиеші көркем әдебиет оқып беру, суреттер дайындау, декоративтік заттар тағайындау арқылы алдын ала жұмыс жүргізуі керек.

Дидактикалық ойын формасы кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады. Ойын өлең мен кимылды ұштастыру негізінде жүргізіледі. Мысалы: “Сықырлы қақпақтың сырын ашайық” деген ойында ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті-қақпақтың астында не бар екенін білу.

Дидактикалық ойынның нәтижесі қандай жолмен болса да өту емес, балалардың білімді игеру, ақыл – ой қызметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерінің көрсеткіші. Дидактикалық ойындарда да балалардың алдына қандай да бір міндеттер қойылады, оларды шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ережені ой елегінен өткізе білу т.б. Олар балалардың түйсіну және қабылдау қабілетін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруіне көмектеседі. Дидактикалық ойындар айналамен табиғатпен таныстыру сабағында жиі қолданылады.

Дидактикалық ойынның маңызы

Дидактикалық ойындар балалардың білімін кеңейту және бекіту мақсатындағы жоспарлы және мақсатты педагогикалық тәсіл. Ойынның қай түріне болмасын әр салып, ой жүгіртін қарар болсақ, одан мәнді де мағыналы істер туындан өрбітінін байқаймыз. Ойткені алдымен нснің болсын бастамасы жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі, демек біз ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз. Дидактикалық ойын оқытудың әдістерінде 2 жолмен қарастырылады: Ойын сабақтар және дидактикалық тапсырмалар не болмаса дидактикалық ойындар.

Мен өз тәжірибемде ойындық сабақтардың көмегімен балаларға білім беріп қана қоймай, оларға қалай ойнауды да үйретемін.

Мен бір мезетте оқытушы және ойынның мүшесі ретінде де балаларды ойнатуға талпындыраман, ал балалар ойнай отырып үйренеді, сондай-ақ ойын өзіндік ойын әрекеті нәтижесінде де қалыптасады. Өзіндік ойын әрекеті балалардың ойынға деген қызығушылығы артқан кезде ғана іске асады. Балалар ойын ойнағанды ұнатады және өз ынталарымен беріліп ойнайды. Тапсырмаларды балалар өз беттерімен орындап және ойынды ұйымдастырып, бір-біріне әділ баға беруге үйренеді. Балабақшада мектеп жасына-лейінгі балаларлы оқытуда дидактикалық ойын маңызды құрал болып есептеледі.

Мен ойын арқылы білімді меңгеріп және оны бекіту үшін дағды мен әдетті қалыптастырамын.

Балабақшада жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлерін өткіземін:

1. Ойыншықпен ойналатын ойындар.
2. Үстел үстінде ойналатын ойындар.
3. Сөздік ойындар.

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар іріктеймін, сондай-ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түсемін және ойлауын, зейінін, есте сақтауын дамытуға көмектесемін.

Ойынның мазмұнын бірнеше элементтеп құрылады: Дидактикалық тапсырмалар, мазмұны, ережесі және ойынның орындалуы, мұнда басты элемент- дидактикалық тапсырмалар болып табылады, ал қалған элементтер осы тапсырмаға және оның орындалуына көмектеседі. Тапсырмалар әртүрлі болады. (табиғат, жануарлар және өсімдіктер әлемі, адамдар, еңбек т.б.)

Балалардың дидактикалық ойындар арқылы сөйлеу қабілетін дамыту



«Тексерілді»


МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

**«Тәуелсіз елдің ұланымыз»
«Балдәурен» ортаңғы тобы**

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А.М

2025- 2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Тәуелсіз елдің ұланымыз»

Міндеті: Мектеп жасына дейінгі балаларда азаматтық негіздері мен патриотизмді қалыптастыру, туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін кеңейту.

- өздері тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы туралы білімдерін жетілдіру;
- балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту;
- еліміздің жетістіктеріне мақтаныш сезімін, мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының туы, елтаңбасы, әнұраны. Тәуелсіздікке байланысты өлең, тапқар, ойынға қажетті дидактикалық материалдар.

Тәрбиеші:

Елімнің атын айтса « Қазақстан,

Жерімнің атын айтсам – Қазақстан.

Қойнауы қызынаға толған мекен,

Байлығым атын айтсам – Қазақстан!

Тәрбиеші: Балалар, ендеше бүгінгі күнімізді Отанымызға арнаймыз.

Балалар:

Бірге күлсін бүлдіршін

Ұл қолында ту жүрсін

Қыз қолында гүл жүрсін.

Бейбітшілік жасасын!

Ән ұран орындалады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Дұрыс, қыс мезгілі. Қыс мезгілінің айларын атайық.

Балалар: Желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыс мезгілі бізде 3 ай қонақта болады.

Тәрбиеші: Ал ендеше бүгінгі ұйымдастырылған іс- әрекетімізді сұрақ-жауаптан бастайық.

Кім айтады, біздің еліміз қалай аталады? Біз қай елде өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Қазақстан елінде өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыздар. Біз өз алдына бөлек Қазақстан деген тәуелсіз, егеменді елде өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар мемлекеттік рәміздерді атаңдаршы?

Балалар: Ту, Елтаңба, Гимн, Әнұран

Ән: « Қазақстаным Отаным». Барлық балалар әуенмен әнді орындайды.

Отанымыз, қазақ жері туралы кім тақпақ айтып береді?

Айару:

Тәуелсіздік еліміз

Мәңгі жасар жеріміз

Тәуелсіздік жасаған

Аға, әпкелеріміз

Мирослава:

Праздник в Казахстане

Мы радостно встречаем

И с Днем независимости!

Вас мы поздравляем,

Ән: «Отан- Ана». Балалар әнді әуенмен орындайды.

Жарайсыңдар, балалар!

Ендеше балалар ұжыммен бәріміз топтасып жұмыс жасаймыз.

Барлық балалар Мемлекеттік туды қылқаламмен бояйды.

Тәрбиеші: Тамаша балалар, біз Отанымызбен мақтанамыз. Осындай елде емін-еркін өмір сүріп жатырмыз. Біз тәуелсіз елде тыныш өмір сүріп жатырмыз.

Тәуелсіз елде тату-тәтті өмір сүрейік деген ниетпен бүгінгі ұйымдастырылған іс – әрекетімізді «Әрқашан күн сөнбесін» әнімен аяқтаймыз.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін». Барлық балалар орындарынан тұрып, әуенмен, қимылымен, әнді орындайды.

Қорытынды.

Негіз біледі: өздері тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы туралы біледі.

Қандай түсініктерді игереді: Сұрақтарға толық жауап беру арқылы, сөйлеу мәдениетін игереді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Отан, мемлекеттік рәміздер туралы меңгерген.

«Тәуелсіз елдің ұланымыз»



Тексерілді 
МКҚК №1 «Күншұақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Жаңа жыл = жаңа жыр»
«Балдаурен» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т
Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Жаңа жыл, жаңа жыл»

Міндеті: Балаларға Жаңа жыл мерекесі туралы мағлұмат беру. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру. Балаларды бір - біріне деген достық сезімге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін!
Бәрімізге мына жыл арайлы
Құтты болсын ағайын!
Жаңа жылын тағы да
Қол соғып қарсы алайық
Шақырайық ортаға
Ертеңгілік басталсын
«Балдәурен» тобында!

Зал іші мерекеге сай безендірілген. Көңілді әуен ойнап тұрады. Залға Аққала балалармен билеп кіреді.

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы, көптен күткен Жаңа жылымыз да келіпті! Бүгін сендер қандай әдемісіңдер. Шыриймыз қандай әдемі. Олай болса осы әдемі шыршамызға арнап тақпақ айтып беріік.

Тақпақтар:

Айару:

Жаңа жыл, жаңа жыл,
Жаңа жылға жаңа жыл!
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр!

Ульяна:

Выпал снег, настал мороз,
Кошка лапой моет нос,
У щенка на черной спинке
Тают белые снежинки

Дәмелі:

Жасыл шырша орманнан,
Бізге арнайы келіпті.
Ойыншығын балалар,
Шыршаға әсем іліпті.

Мирослава:

Он везёт подарков воз,
Праздник будет славный,
Это Дедушка Мороз,
В Новый год он главный.

Тәрбиеші: Балалар, өзіміз көңілді болғанымен, шыршамыз көңілсіз болып тұр. Жаңа жыл мерекесіне кімдер жетіспей тұр?

Балалар: Аяз ата мен Ақшақар!

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар, қанекей, бәріміз бірге Аяз ата мен Ақшақар-ды шақырайық.

(Барлығы Аяз ата мен Ақшақарды шақырады.)

Аяз ата: Қандай жарқын жүздерің,
Қандай әсем жырларың.

Асаулармен алысқан
Асау жселмен жарысқан,
Аталарың сендерге,
Шаршап келді алыстан.
(Аяз ата балалармен амандасады.)

Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды

Ақшақармын арайлы.
Жалт-жұлт еткен жүзімнен,
Күміс сәуле тарайды
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ,
Әнімін, жырмын, тақпақпын.

Тәрбиеші: Қош келдіңіздер, Аяз ата, Ақшақар! Алыс жолдан шаршап келдіңіздер. Біраз демалып, балаларымыздың өнерін тамашалаңыздар!

Ән: «Біздің Аяз ата қандай?»

Аяз ата: Жарайсыңдар, балалар. Өте тамаша!

Ақшақар: Аяз ата, шыршамыз көңілсіз ғой, шырша шамын жағайық!

Аяз ата: Бәрекелді, қызым, дұрыс айтасың!

Ақшақар: Шыршамызды жағайық.

Аязата:
таңырқат
жарқырат! Зрет
шамы жанады, айқайлап қол соғады)

Қуант, бізді,
Шамдарыңды
(Шырша

Жүргізуші: Балалардың әдемі биімен көңіліңізді көтеріңіз. Барлық ер балалар билейді.

Би: «Кішкентай аяз аталар»

Әуенді йын: «Қатырып тастаймын». Аяз ата балалармен ойын ойнайды.

Жүргізуші: Аяз ата, балалардың сізге дайындаған тақпақтары бар.

Тақпақтар:

Мариям:

Настоящий Дед мороз
Дарит нам игрушки
Он на санках их привез
Из своей избушки.

Айназ:

Тамаша, тамаша
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

Н Максим:

Қуантып бізді
Жаңа жыл келді
Шыршаға бардық
Әсем ән салдық.
Аяз атадан, Сыйлықтар алдық

Полина:

Наша елка широка,
Наша елка высока:
Выше папы, выше мамы.

Достает до потолка.

Шарапат:

Аяз - Ата келе ме,

Бізге сыйлық бере ме?

Әрине, ата келеді.

Бізге көп сыйлық береді.

Аяз ата: Балалар, енді Жаңа жылымызды қарсы алайық

Жаңа жыл: Жылқы жылы мен болам

Бәріңді де, қуантам

Жаңа жыл құтты болсын!

Тәрбиеші: Қуанатын шақ болсын

Достарымыз көп болсын.

Бізге келген Жаңа жыл.

Құт береке, бақ болсын.

Біздің жаңа жылымыз Жылқыны шапалақтап қарсы алайық.

Ақшақар: Балалар мен сендерге құр қол келген жоқпын, ойын ала келдім

Ойын: «Кім жылдам». Балалар ойынды қызыға ойнайды.

Тәрбиеші: Аяз ата біздің қыздарымыздың әдемі биімен көңіліңізді көтеріңіз.

Би билейміз бәріміз,

Жаңа кірді сәніміз.

Ақшақарды ортаға алып,

Би билейміз бәріміз.

Би: «Кішкентай аяз аталар» Қыз балалар дөңгелене би билейді.

Тақпақтар:

Данил:

Дети водят хоровод

Хлопают в ладоши

Здравствуй, здравствуй Новый год

Ты такой хорошии.

Есения:

Скоро скоро Новый год

Скоро Дед Мороз придет

Он подарки нам разносит

И стихи читать нас просит

Жүргізуші: Аяз ата біздің балалардың жаңа жылға арналған билерін тамашалаңыздар

Би: «Ақ қала». Қыз балалар би билейді.

Аяз ата: Жарайсыңдар, балалар. Өте тамаша!

Аққала: Балалар мен сендермен «Қолғап» деп аталатын ойын ойнағым келіп тұр.

Жарайсыңдар, балалар. Өте тамаша! Мен сендердің қуанып ойнағандарыңа риза болдым.

Жылқы: Аяз ата, Ақшақар, балаларымыз біздерге қанша тамаша өз өнерлерін көрсетті.

Әкелген сыйлықтарымызды берік.

Аяз ата: Ой, ұмытшақ басым-ай, қазір береміз.

Тәрбиеші: Аяз-ата Ақшақарымыз сыйлықты әкелемін дегенде біз бір биімізді билеп берейік.

Би: «Көңілді би». Барлық балалар дөңгелене би билейді.

(Аяз ата, ақшақар, жаңа жыл, балаларға сыйлық береді)

Аяз ата: Жарайсыңдар, балаларым! Бүгінгі шырша мерекесінің сәнін өздерің

келтірдіңдер. Балалар рахмет сендерге. Барлықтарың да ақылды, өнерлі екенсіңдер.

Салай емес пе, қызым? Біздің сыйлығымызға риза болыңдар. Ал енді біз жолға шығайық.

Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал балаларым, сендер өсе беріңдер, өркендей

беріңдер. Аспандарың ашық болсын! Қош, сау болыңдар!
(Аяз ата, Ақшақар және Жаңа жыл қолдарын бұлап шығып кетеді.)

Тәрбиеші:Құрметті ата-аналар және қонақтар! Осымен «Жаңа жыл, Жаңа жыр» атты мерекелік ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Уақыт бөліп келгендеріңіз үшін алғыс білдіреміз! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

«Жаңа жыл, жаңа жыр»



ҚЫСҚЫ КӨРМЕ



Тексерілді»



МКҚК №1 «Күншұақ»

бөбекжай-балабақшасының

әдіскері: Асанова Л.М

«Індеттен сақ болайық»

«Балдәурен» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Тұмау — жедел маусымдық вирустық ауру. Вирустар 3 түрге бөлінеді: А, В және С, әрқайсысының өз штамдары бар, бұл вирустың антигендік құрылымын жыл сайын өзгертуге мүмкіндік береді. Ауру оның күтпегендігімен қауіпті.

Маусымдық індеттер жыл сайын күзгі-қысқы кезеңде пайда болады. Инфекцияның негізгі көзі науқас адам болып табылады, инфекцияның таралу жолы ауа-тамшылы. Адамдардың тұмау вирустарына бейімділігі абсолютті. Эпидемиялық өршу кезіндегі сырқаттанушылықтың ең жоғары көрсеткіштері балалар арасында.

Тұмаудың алғашқы белгілері

Тұмау клиникалық белгілердің өте жылдам дамуымен сипатталады. Дене температурасы максималды мәндерге жетеді (39°C – 40°C) қазірдің өзінде алғашқы 12-24 сағатта. Бас ауруы пайда болады, ол негізінен фронтотемпоральды аймақта локализацияланған, көз алмасының қозғалысы кезінде ауырсыну, фотофобия, бұлшықеттер мен буындардағы ауырсыну, жиі жүрек айнуы немесе құсу пайда болады, қан қысымы төмендеуі мүмкін. Тұмаудың типтік түрі – төс сүйегі, отит, пневмония аймағында ауырсынатын жөтелмен бірге жүретін трахеиттің дамуы.

Тұмау кезіндегі жүйке жүйесінің зақымдануы вирустың уытты әсерімен байланысты, бұл серозды менингит пен менингоэнцефалитке дейін функционалдық бұзылыстарды тудырады. Жүйке жүйесінің зақымдануы аурудың 3-5-ші күндерінде жиі дамиды: қатты бас ауруы, құсу, құрысулар, сананың өзгеруі пайда болады.

Тұмауға қарсы вакцинация

Бұл тұмаумен күресудің ең тиімді шарасы. Вакцинация ауру мен асқыну қаупін азайтады, Заманауи вакциналар инактивацияланады, суббірліктерде "тірі" вирус жоқ және ең қауіпсіз және ең тиімдісі болып табылады.

Вакцина адам ағзасында тұмау вирусына қарсы антиденелердің түзілуін ынталандырады. Тұмауға қарсы вакциналардың барлық спектрі Ресейде тіркеуден өткен және қалдануға рұқсат етілген.

Тұмауға қарсы вакциналар қауіпсіз және тұмаудың алдын алу және асқынулардың дамуы тұрғысынан жоғары тиімділікке ие. Вакцинация тұмаумен сырқаттанушылықты орта есеппен 2 есе азайтады, вакцинацияланған адамдарда ауырған жағдайда ол жеңілдірек өтеді және асқынулардың дамуына әкелмейді. Вакцинация алдында әрбір егілген адамды медициналық қызметкер тексереді.

Денсаулық сақтау саласындағы басым ұлттық жоба аясында балаларды иммундау үшін қалаға "Гриппол плюс" және "Гриппол" вакциналары алынды. Балаларды иммундау мектептерде, балабақшаларда және емханаларда жүргізіледі, вакцинациялау компаниясы жүргізген уақыт ішінде вакцинаны енгізуге бірде-бір ерекше реакция тіркелмеген.

Өткен маусымдағы тұмауға қарсы вакцинаны қалдануға жол берілмейді.

Тұмауға қарсы екпе алудың ең жақсы уақыты қашан?

Қыркүйектен желтоқсанға дейін. Эпидемия кезіндегі вакцинация да қауіпсіз және тиімді, дегенмен иммунитеттің дамуы кезеңінде (вакцинациядан кейін 7-15 күн өткен соң) профилактиканы басқа әдістермен жүргізу қажет. Ең алдымен, алсіреген балаларды вакцинациялау керек, өйткені олар өздерінде, әдетте, ауыр түрдегі инфекцияларға ең сезімтал.

Балабақшада ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу

1-5 жас аралығындағы балалар әсіресе жиі ауырады, бұл аналық иммунитеттің жоғалуымен және өзінің толық қалыптаспауымен түсіндіріледі³. Егер сіздің балаңыз балабақшаға баратын болса, онда ЖРВИ эпизодтары оның келуінің бірінші жылында орта есеппен 8 рет, екіншісінде 6 ретке дейін және үшіншісінде 4 ретке дейін болуы мүмкін екенін біліңіз³. 3 жасқа дейінгі

балаларда суық тию, әсіресе тұмауды болжау мүмкін емес³. Мұндай жағдайларда өзін-өзі емдеуге жол берілмейді, мамандардың көмегіне жүгіну қажет⁷.

Жіті респираторлық вирустық аурулардың ықтимал жағдайларының санын азайту үшін:

- түсіндіріңіз балаларға қол жуудың маңыздылығы¹ неліктен мұрынға, ауызға және көзге жиі қол тигізбеу керектігін айтыңыз²;
- бағалаңыз, балабақшада қалай сақталады ұйқы және сергектік режимі, балаларды немен тамақтандырады және тәрбиешілер таза ауада серуендеуді қаншалықты жиі ұйымдастырады⁴.


Бір уақытта бірнеше бала жұқтырған топта вирустық инфекцияның ошағы қалыптасып үлгергенін есте сақтаңыз. Балаңыз балабақшаға қайта бармас бұрын, дымқыл тазалау және желдету арқылы дезинфекциялау шаралары жүргізілгеніне көз жеткізіңіз. Барлығы дерлік зарарсыздандырылады: ыдыс-аяқ, сүлгілер, балалар ойыншықтары, беттер, заттар, санитарлық жабдықтар және ауа⁴.

Тұмау мен ЖРВИ өршуі кезінде күнделікті таңертеңгі тексеруде аурудың ең аз белгілері болса да балаларды топқа қабылдауға болмайтынын есте сақтаңыз³.

Суықтың алдын алудағы маңызды қадам оның ең көп тараған себебі вируспен күресу болып табылады.

Балалар орта есеппен ересектерге қарағанда тұмау мен ЖРВИ-мен жиі ауырады, бірақ бұл суық тиюдің алдын алу мүмкін емес дегенді білдірмейді². Осы мақсатта пайдалануға болады Анаферон® балалар⁵. Препарат вирустарға қарсы әсер етеді, олардың зақымдалған тіндердегі концентрациясын төмендетеді және иммундық жасушалардың функционалдық белсенділігін арттыру және антиденелердің (секреторлық иммуноглобулин А) түзілуіне ықпал ету арқылы иммунитетті ынталандырады⁹. Анаферон® балаларға арналған резорбцияға арналған таблетка түрінде 1 айдан 18 жасқа дейінгі балаларда қолдануға болады⁹. Суық мезгілде препаратты профилактикалық агент ретінде 3 айға дейін қолдануға болады⁹.

Естеріңізге сала кетейік, екпеден бас тарту арқылы сіз балаңыздың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіресіз. Сау балыңыздар!



Денсаулық – адам бақытының негізгі бөлігі. Халқымыз «Он екі мүшең сау болса, жарлымын деме» деп денсаулықтың адам өміріндегі орнын ескертеді. Жастары әлсіз, денсаулығы нашар, зиянды әдеттерге әуес, жалқау, тәрбиесіз болса – мемлекеттің сору. Ондай мемлекет қашан да қорғансыз.

Ислам дінінде денсаулықпен қатар денені шынықтыруға да үлкей мән берілген. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде Алла Тағаланың алдында әлсіз мұсылманға қарағанда күшті мұсылманның сүйкімдірек екенін айтады. Пайғамбарымыздың осы хадисін басшылыққа ала отырып, балаларымыздың денесін шынықтыруға арнайы көңіл бөлуіміз керек.

«Педагогика» кітабының кіріспесінде ақын Мағжан Жұмабаев тәрбие турасында мынадай пікір білдірген:

«Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол жөпшенді ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көріністерді елемейтін мықты, берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын дұрыс ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынданарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне, осындай болғанда адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы. Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын. Бала ауру, зағип болса, баладан емес, тәрбиешіден. Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі.

«Індеттен сақ болайық»



Тексерілді» _____
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

*Баяндама: 3-4 жастағы балаларды өз бетінше
әрекет етуге тәрбиелеу.
«Балдаурен» ортаңғы тобы*

*Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т
Маханбет А. М*

2025- 2026 оқу жылы

«3-4 жастағы балаларды өз бетінше әрекет етуге тәрбиелеу»

Тақырыбы: «Кіші топ жасындағы баланы өз бетінше әрекет етуге тәрбиелеу»

Баяндама: «Кіші топ жасындағы баланы өз бетінше әрекет етуге тәрбиелеу»

Мектеп жасына дейінгі баланы өз бетінше әрекет ету арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу.

1. «Адамды — адам еткен еңбек». Жалпы адам баласы өмірге келген күннен бастап еңбекпен тығыз байланыста болады. Сөбебі, шыр өтіп өмір өсігін ашқан сәттен бастап ана сүтін емудің өзі өз бетінше өз бетінше жатады.

Еңбек дегеніміз бойымыздағы энергия яғни күшіміз, осы күшті пайдаланудың өзі еңбек. Адамдар еңбек ету арқылы көптеген жетістіктерге жетеді. Күнделікті ішіп-жеуіні тамағының киетін киімінің өзі өз бетінше жасаған еңбекпен келеді.

Мысалы: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»- дегендей жерге дән сеуіп, оны күтіп баптап өсіреді. Базарға апарып сатып, ақшасына тамақ, киім алады.

2. Балалардың өз бетінше еңбегі туралы айтатын болсақ, күнделікті өмірде кездесетін көзге көріне бермейтін, өзіміз мән бермейтін қарапайым еңбек түрлері өте көп.

Мысалы: 2 – 3 жастағы баланың өз бетінше тамағын ішіп-жеуі, ойыншығын, киімін жинауының өзі олар үшін үлкен еңбек. Баланың өз-өзіне қызмет қыла білуінің өзі еңбекке жатады.

Өз бетінше әрекет ету арқылы баланың есте сақтау, көру, сезіну қабілеттері арта түседі.

Мысалы: Шұлығын, қолғабын, бас киімін, көйлегін киетін кезде оны қай жерге киетінін, ойлау, көру, есте сақтау қабілеттері арқылы жасалады.

Баланың әр өз бетімен жасаған еңбегін, қылығын мақтап отыру қажет.

Мысалы: Ой, жарайсың, бәрекелді, өте жақсы, керемет деген сөздер баланы еңбек етуге деген қызығушылығын оятады.

Баланы ойын арқылы да өз бетінше еңбекке баулуға болады. Баланың ойынына аса мән беру керек.

Ұлы педагог, А. С. Макаренко айтқандай бала ойын кезінде қандай болса, кейін өсейгенде жұмыс орнында да сондай болады. Сондықтан бала кезінде ойнаған кезде баланы қадағалап, ойынына мән беру керек. Егер дұрыс емес екеніне көз жеткізсеңіз, дұрыс жолға бағыттау керек. Бала ойын ойнағанда үлкендерден немесе теледидардан көргендерін қайталайды. Өйткені ойын кезіндегі іс-әрекеті қимыл қозғалысы бәрі өз отбасында көрген білгендерінің айқын дәлелі. Баланың ойыны арқылы отбасындағы беріп жатқан тәрбиенің қандай екенін аңғаруға болады және қандай мамандық иесі екенін білуге болады. Сондықтан баланың көзінше артық сөз, артық қимыл жасаудың қажеті жоқ. Балаға ата-ана жақсы жағынан көрінуі қажет. Сондай-ақ баланы өз бетінше әрекет етіп, еңбекке баулу арқылы адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеуге болады. Мысалы: Жерде жатқан нанды алып қою, киімін күтіп киюі бәрі адамгершілікке, үлкендердің еңбегін сыйлағаны болып өсептеледі.

3. Балабақшадағы балалардың өз бетінше еңбегі.

Балалардың өз бетінше әрекет етіп еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету, бір-біріне көдергі жасамай әрекет етуге үйрету.

Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. Балаларды балабақшадағы өз бетінше жасалатын еңбек жұмыстарына араластыру ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруға үйрету. Үлкендердің көмегімен гүлдерді суару, ағаштарға су құю, оқу құралдарын тарату, ас ішу кезінде тарелка, қасықтарды қойып шығу сияқты жұмыстарды үйрету. Үлкендердің еңбегінің және еңбектің қажеттілігі жөнінде түсінік беру. Балаларды алдына мақсат қоя білуге, оған жетуге үйрету жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру.

Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі — зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан көлдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы

барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру:

Балаларды еңбек түрлерімен және кәсіптермен таныстыру. Ұжымдық еңбекті татулықпен ұйымдастырып атқаруға үйрету. Еңбектің әр түріне баланың қызығушылығын ояту, ұжымда еңбек өтуде белсенділік, ынтымақтасын көрсетуді қолдау. Өз қолымен жасаған еңбегіне қуаныш, мақтаныш сезімін тудыру. Еңбекке қызығушылығын тәрбиелеп жағымды көзқарас тудыру. Өз-өзіне қызмет өтуі балабақшада және отбасында өз бетінше еңбекке араласу, яғни үлкендерге көмектесу.

Гүл өсірсен терлеп,

Бұның аты – еңбек.

Көсте тіксен зерлеп,

Бұның аты — еңбек.

Қиындықтың бәрін

Еңбек қана жеңбек, деген өлең жолдарын айта отырып болашақ біздің ізбасарларымыз жас жеткіншектерге «Еңбек түбі – береке», «Еңбек ер атандырады», «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» екенін айтқым келеді.

барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.

Балаларды еңбек түрлерімен және кәсіптермен таныстыру. Ұжымдық еңбекті татулықпен ұйымдастырып атқаруға үйрету. Еңбектің әр түріне баланың қызығушылығын ояту, ұжымда еңбек етуде белсенділік, ынта ықыласын көрсетуді қолдау. Өз қолымен жасаған еңбегіне қуаныш, мақтаныш сезімін тудыру. Еңбекке қызығушылығын тәрбиелеп жағымды көзқарас тудыру. Өз-өзіне қызмет өтуі балабақшада және отбасында өз бетінше еңбекке араласу, яғни үлкендерге көмектесу.

Гүл өсірсең төрлеп,

Бұның аты – еңбек.

Кесте тіксең зерлеп,

Бұның аты — еңбек.

Қиындықтың бәрін

Еңбек қана жеңбек, деген өлең жолдарын айта отырып болашақ біздің ізбасарларымыз жас жеткіншектерге «Еңбек түбі – бөреке», «Еңбек әр атандырады», «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» екенін айтқым келеді.

Баяндама: 3-4 жастағы балаларды өз бетінше әрекет етуге тәрбиелеу.

1. Бала тәрбиелеу - бесіктен басталады. Ендеше оған әрдайым көңіл бөліп, сергек қараңыз. Қателігін зекіп, ұрысып немесе ұру арқылы түзетуге тырыспаңыз.
2. Таңертен сабаққа барарыңыз баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биязы үнііз бен күлкііз-ақ ұйқысын ашуы тиіс.
3. Егер баланыз сабақтан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да бол» деп айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзііз кінәлісіз.
4. «Бұзық болма», «Қисалаңдамай тыныш жүр», «Бүгін 2 алсаң құртамын» деген ескертулерді жиі айта бермеңіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы баға алып келуіне тілектестік жасаңыз.
5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін қандай баға алдың?» деп бас салып балаңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген баланызды көңілді қарсы алыңыз, оның сабақтан шаршап келгенін ескеріңіз.
6. Бала бірдеңеге ашуланып жүрсе, үндемеңіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі-ақ айтады.
7. Мектептен келе сала баланы отырғызып қойып, сабаққа дайындатпаңыз. Олар да 2-3 сағатойнап, демалған жөн, түсте ұйықтап тынықсын. Бесін мезгілі - сабаққа әзірленудің сәтті кезі.
8. Сабаққа әзірленіп жатқан баланың желкесінен төніп тұрмаңыз. Дөрекі сөйлемеңіз. Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз.
9. «Егер сен осы сабақты орындамасаң» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді, Одан да өзііз кірісіп, жайлап жетектеп отырыңыз.
10. Күнде жарты сағат ештеңеге алаңдамай базаларыңызбен емін-еркін, жақын тартып, әңгімелесіп тұрыңыз.
11. Балаңыздың көңіл-күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз. Ол сабақтан зорығуы мүмкін.
12. Егер баланыз айтқаныңызды тыңдамайтын болса, онда ұстазымен, психолог маманымен, дәрігермен кеңесіңіз.
13. Өз баланызды дос санаңыз: білімін толықтыруға көмектесіп, жақсы ісін бағалай біліңіз. Шамамен тыс қатал, керісінше тым көңілшек болмаңыз. Нақты шешім ғана баланы қателесуден сақтандырады.
14. Отбасыңыздағы ұрыс-керіс баланыздың жүйкесін жұқартады. Баламен бірге отырған жерде құпиялы әңгімен айтпаңыз.
15. Балаңызға уәде берсеңіз орындаңыз. Кемпілікті байқамауға тырысыңыз. Баланың көзінше өзгені сынамаңыз.
16. Тәрбие ісінде өзііздің жауапты екеніізді ұнытпаңыз, баланың өтінішін үнемі орындай бермеңіз.
17. Баланы өзгелерге де көмектесіп тұруға баулыңыз. Оған пайдамды болуды үйретіңіз.

Ата-аналар жиналысы.



Тексерілді Асеф
МКҚК №1 «Күншұақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Қыс қызығы»
«Балдәурен» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т
Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Қыс қызығы»

Мақсаты: Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейтіп, қыс мезгілінің басқа жыл мезгілдерінен өзгешелігін түсіндіру. Қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойындар түрлерін атап, мазмұнын меңгерту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Бала денесін ойын арқылы қозғалысқа келтіріп, таза ауада шынықтыру. Іс-әрекетке деген қызығушылығын ойын арқылы қалыптастыру. Балалардың салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу.

Тәрбиеші:

Уақытты мол бөлеміз

Қыс қызығын көреміз

Сары аязға шыңдалып

Шымыр болып өсеміз!

Балалар көңіл күйлерің қалай?

-Тамаша.

-Ендеше біз «Тамаша» ойынын ойнап жіберейік

Ойын шарты: Мен сендерге жақсы сөз айтсам, сендер жақсы тамаша деп жұдырықты түйіп бас бармақтарыңды көтеріп бір-бірлеріңе көрсетесіңдер. Тамаша.

-«Қыс» мезгілі қандай? (Тамаша)

-Қар жауған ше? (Тамаша)

-Балалардың күлгені қандай? (Тамаша)

-Менің осы айттып тұрған сөздерім қандай? (Тамаша)

Далада боран ұлиды,

Суыта алмай жылы үйді.

Терезеден қараймыз,

Қысқы ойынға тоймаймыз.

Қысқы табиғат, жылдың қыс мезгілі туралы айтта отырып, балаларды таза ауаға ойынға шақыру.

Әділет: Далада қар борады

Ақ мамыққа орайды

Мұз болады қатады

Жып-жылтыр боп жатады

Айару: Қыс келді, қыс келді

Ақтарып ақ қарды

Жол аптақ түске енді

Аралап қайтайық

Ақ күміс бақтарды

Шарапат: Аптақ, аптақ жапалақтап

Қар жауады тынбастан

Қалың орман, қар жамылған

Маужырайды түнгі аспан

Алдиар: О, алақай қыс келді

Бізге қуаныш әкелді

Далаға қарға оранды,

Бала біткен қуанды

Ойынымызды бастамас бұрын барлығымыз бірге дене қыздыру жаттығуын орындап, ширап алайық:

Қозғап барлық денеңді, қолды қатты соқ енді.

Тақылатпай таяқты; ақырын бас аяқты.

Иықты артқа ысырып, басты төмен саламыз,

Жаттығу жасап осылай, біз шынығып аламыз!

«ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ»



«ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ» (серуен)



Тексерілді» Асанова
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Ақсерек, көксерек» қимылды ойын.

«Балдаурен» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Тақырыбы: Қимылды ойын: «Ақсерек пен көксерек».

Міндеті: а) балаларға үлкендерді тындай білуге, кішілерге көмектесе білуге, ортада

өзін дұрыс ұстауға үйрету, ойын арасында тек өзінің тапсырмасын орындап қоймай, өзінің тобындағы достарына да көмектесе білуге үйрету, достық сезімін ояту.

ә) әр баланың бойындағы қабілеттерін: есте сақтау қабілетін, зейінің, ойлау қабілетін сөз қорың, мергендік пен шапшаңдылық қабілеттерін дамыту, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, тапқырлық, икемділігі мен ептіліктерін дамыту, ынтымақтыққа, бірлікке шақыру, ұйымшылдыққа, мықтылыққа баулу, ойын дағдыларын қалыптастыру, ойындарға қызығушылықтарын арттыру.

б) мейірімділікке, кішіпейілдікке, ұқыптылыққа адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.

Көңілді музыка әуені ойналып тұрады, қонақтарды орналастыру.

Қимылды ойын: «Ақсерек пен көксерек».

Ойын шарты: екі топ бір-бірінен алысырақ шамамен 15 қадам жерде қол ұстасып тұрады. Бірінші топтың балалары екінші топқа ақсерек-ау, ақ серек, бізден сізге кім керек? деп айтады. Сол кезде қарама-қарсы тұрған топ басшысы өздеріне керекті қарсыластарының арасынан біреуінің атын атайды. Ақсерек-ау, ақ серек, сізден бізге Марлен керек. Аты аталған ойыншы, бар пәрменімен жүгіріп қол ұстасып қатар тұрған қарсы топтың екі ойыншысының ұстасып тұрған қолын үзіп өте шығуға әрекет етеді. Ал қарсылыстары қолдарын мықты ұстап, үздірмеуге тырысады. Егер жүгіріп келген адам қарсыластарының қолдарын үзіп кетсе сол топтан, басшысынан басқа бір ойыншыны өзімен бірге алып кетеді. Қол ұстасып тұрған қатарды үзіп өте алмай қалса, онда сол топта өзі қалып қояды.

- Жарайсындар балалар.

Жүргізуші:

Өнерге биік сеніңіз

Думанға қызық келіңіз

Әділ қазы өл сенген

Ойынға баға беріңіз.

«Ақ серек, көк серек»



Қысқы көрме



Айару

Тексерілді 
МКҚК №1 «Күншұжар»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

«Тұмаудан сақ болайық!»

«Балдаурен» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Тұмаудан сақ болайық!

Балаға індеттен, әсіресе, тұмаудан жазылуға қалай көмектесуге

болады. Тұмаумен кім болса да ауырады, тіпті балалар да! Аурудың кеңінен тарағаны уайымдаудың қажеті жоқ екендігі жайында біліңіз.

Орташа алғанда, 7 жастан кіші балалар тұмаумен бір аптадан екі аптаға дейін жылына 10 рет ауырады. 6 айдан жоғары жастағы нәрестелер, әдетте, құлағы мен тамағы ауырмайтын болса, ал дене қызуы бір немесе екі күн бойы 38,8 С (102 F) дейін көтерілмейтін болса, дәрігердің көмегін қажет етпейді.

Дегенмен, дәрігерден баланың ауруын қалай жеңілдетуге болатындығы туралы сұрап алыңыз. Қанша айтқанмен, ең ақырында бала үшін емнің ең тиімді тәсілі су ішу мен ұйқы болып табылады.

Таныс белгілер:

Тұмау мен кез-келген вирустық аурулар әдетте температурамен ілесе жүреді.

Дәрігерге жүгінге дейін, еаңшағымдардың айтылуын күтіңіз.

Баланың температурасы 40С дейін көтерілмеген болса, оның температурасына қарағанда түрі мен жүріс-тұрысы маңыздырақ. Егер ол норма шегінде тамақ жеп, ойнайтын болса, жай ғана бақылаңыз да, күтіңіз.

Баланың температурасы 38,3 С (101 F) жон а, ацетаминофен немесе ибупрофенді беруге болады.

Мүмкін, балаңыз вирустан туындайтын диареямен аурып қалған шығар. Сақ болыңыз: алдын алуға болатын және алдын алу қажет болатын ауыр және ұзақ уақыттық диарея – ағзаны құрғауға алып келетін қауіпті жағдай.

Егер балаңыздың үлкен дәреті сұйылып әр 1-2 сағат сайын 8 сағаттан шрігерге хабарласу қажет. Егер диарея күніне алты реттен аз болып, балаңыз сұйықтықты көп ішіп, белсенділік танытса, дәрігерді шақырмай тұрып, 1-2 күн күтіңіз. Себебі, бала оның көмегінсіз жазылып кетуі мүмкін.

Балаңыздың жасы алтыдан төмен болса, кіші дәретке алты реттен аз шығып, ерні кезеріп, көзі жасаурай беретін бқызасының құрғауға ұшырағанын білдіреді. Егер балаңыздың дәретінде қан немесе ірің бар болса немесе дене қызуы (температурасы) 39,4 С (103F) және одан жоғары болса, дәрігермен хабарласыңыз.

3 жастан асқан балалар іші өтіп жүргені туралы айтуға ұялады, әсіресе, әжетханаға жетіп үлгірмеген кездерде. балаңызға оның ұят емес екендігін түсіндіріп, бүлінген іш киімі үшін ұрыспаңыз. егер баланың көтетінінің терісі қызарып кеткен болса, оны жақсылап жуып, вазилин майын жұқалап жағыңыз. оны баланың өзіне де үйретуге болады, тек қадағаласаңыз болды. бөлме температурасындағы сұйықтықты түтікше арқылы ішкізіп, ағзаның құрғап кетуінің алдын-алыңыз. бала бұл ждебалаларға мұздатылған жеміс желесі немесе мұздатылған жеміс шырыны көмектеседі. Қызыл түсті сусындар дәреттің де түсін қызылға бояйтынын ұмытпаңыз және оны қан аралас іш өтумен шатастырмаңыз.

Алдын

алу:

Әрине, барлық аурулардың алдын әлу мүмкін болмаса да, олардың жиілігін жаият жуу. Балаға тамақ алдында, дәретханадан кейін және мұрнын сіңбіргеннен кейін қолды жуу керек екенін ескертіп тұрыңыз

Басқа шараларға уақтылы ұйқы, пайдалы және әр түрлі тамақ, сондай-ақ жеткілікті түрде дене шынықтыру жатады.

Жағымды жағы:

Бір жағынан алсақ, бала күнінде бастан кешкен жеңіл аурулар балаңызға өмір бойы қызмет ететін иммундық жүйені шынықтыруға көмектеседі. Бұдан басқа, аула мен бациллалардың не екенін, сондай-ақ тұмаумен қалай күресуге болатындығы жайында білуге мүмкіндік береді.

Балаңызға ағзасының қалай жұмыс істейтіндігі мен ойын неге уақыт қажет екендігі мен бұрын ауырған адамдар қазір неге сау екендігі жайында түсінік беріп, көмектесе аласыз. Бұл Сіздің балаңызға өзінің ағзасын жақсы біліп, аурудың адам өмірінің қалыпты жағдайы екенін түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, мектеп жасына дейінгі өз балаңызға көмектесе отырып, оның өсуіне және дамуына себепші боласыз.

«Тұмаудан сақ болайық»



«Тексерілді»

МКҚК №1 «Күншуақ»

бөбекжай-балабақшасының

әдіскері: Асанова Л.М

" Жолдан абайлап өтеміз "

«Балдәурен» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Жолдан абайлап өтеміз»

Тәрбиеші: Балалар бүгін бізде өрекше күн. Біз қазір орманға саяхатқа барамыз. Жол алыс сондықтан, көлікпен баруымыз керек. Мен жұмбақ айтам, соның шешуін тапсаңдар, біз сол көлікпен саяхатқа шығамыз.

Бұл тұлпар су ішпейді, жем жемейді,

Ескеріп ешбір адам емдемейді.

Жүк емес жануарға жүз адам да,

Киіп ап төрт дөңгелек дөңгелейді.

Тәрбиеші: Енді жол ережелерін есімізге түсірейік. Өйткені, жолда түрлі жол белгілері кездеседі.

(кеуделеріне белгі ілген 5 бала ортаға шығады: бағдаршам, ескерту, тыйым, анықтама, көрсеткіш белгілері)

Бағдаршам: Мөнің атым – Бағдаршам!

Бар әдемі үш көзім,

Алдамаймын, аңғарсаң,

Ақылдымын тіпті өзім.

Ескерту белгісі: Қызыл шеңбер ішінде

Үшбұрыш боп тұрамын

Қателеспес үшін де,

Көз сал маған, шырағым!

Құрар үйде сауықты,

Жолдан аман келсе адам-

Жолда күткен қауіпті

Ескертемін мен оған.

Тыйым салу Белмау үшін қиын күн,

белгісі: Қажеті бар тыйымның

Қызыл шеңбер ішінен

«Болмайды!» деп бұйырдым.

Тұрады әрқаз салта аман-

Сол тыйымды сақтаған.

Тыйым көрсөң, тұра қал-

Өрі қарай аттама!

Анықтама Түнде, күндіз, кеште де

белгісі: Жөн сілтеймін жолға сай-

Аңғармайсың ештеңе

Анықтама болмаса.

Ой-шұңқырды алдағы,

Қалай өту керегін,

Жылдамдықты, ал, көне,

Анық айтып берейін!

Көрсеткіш Жол созылмақ қаншаға,

белгісі: Қайда асхана, монша бар,

Қонақүй бар қай жерде,

Қайда музей, қай көрме...-

Көрсетемін саған дәл,

Не көрсетсем, соған бар!

Алдуар:: Шофер біткен бүгінде

Жол тәртібін біледі.

Бағдаршамның түбінде

Ережемен жүреді.

Тәрбиеші: Ал балалар, қане автобусқа жайғасайық. Ал қозғалдық. Сәт сапар! Біз қазір қаланың көшесімен келе жатырмыз. Көше қиылыстарының бәрінде бағдаршам тұр екен. Бағдаршамның қай түсі жанғанда біздің автобусымыз жүру керек?

Ашса кезек үш көзін,

Айтты деп ұқ, үш сөзін:

-Тоқта!

-Сақтан!

«Жолдан абайлап өтеміз»



«Тексерілді» Асанова Л.М.
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: Асанова Л.М

" Өрттен сақ бол"
(ата –аналарға жадынама)
«Балдаурен» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А. М

2025-2026 оқу жылы

Өрт шыққан жағдайда не істеу керек?



Адамзат тарихында «Өрт пен су – тілсіз жау» деген ұғым қалыптасқан. Алайда, өрттің шығуына себеп болатын адами фактор екенін ескерсек, өрт қауіпсіздігі шараларын орындай отыра, оның алдын алуға болатынын ұмытпаған жөн.

Түсіндіре кетейін, «Өрт қауіпсіздігі шаралары» дегеніміз – өрт қауіпсіздігі талаптарын орындау жөніндегі іс-әрекеттер. Өз кезегімізде өртті болдырмас үшін төмендегідей негізгі ережелерді сақтау қажеттігін тағы бір мәрте естеріңізге сала кеткіміз келеді:

- электр құрылғыларын пайдалану кезінде сақтық танытып, техникалық жағдайын уақтылы қарап, үйден шығарда олардың тоқтан ажыратылғанына көз жеткізу. Ақауы бар техникаларды мүлдем пайдаланбау;
- кішкентай балалардың сіріңкемен ойнауына, үйде қараусыз қалуына және өз еріктерімен газ немесе электр құрал-жабдықтарын пайдалануға жол бермеу;
- балаларыңызға ес білгеннен бастап өрт қауіпсіздік шараларын үйрету;
- газ плитада дайындалып жатқан тамақты қараусыз қалдырмау; Осы тұста ерекше тоқталып кеткім келеді. Өздеріңіз бен жанұяңыздың қауіпсіздігі үшін тамақ дайындауда аса мұқияттылық пен тиянақтылық танытуыңызды сұраймыз.
- үйіңіздің ауласын, сарай, мал қораларыңыздың, көлік-жайларыңыздың іші-сыртын пайдаланбайтын артық заттардан, қоқыстан уақтылы тазартып отырыңыздар;

- үйіңіздің ауласында тез тұтанғыш заттармен бірге жанар жағар май, майларын сақтамаңыздар; Өрт шыққанын байқаған сәтте 101 немесе ұялы телефон байланысы 112 нөмірі арқылы өрт сөндіру қызметіне хабарлау қажет.


Естеріңізге сала кетейін, 101 немесе 112 нөмірлеріне телефон соғу тегін. Өрт сөндіру қызметіне өрт жөнінде хабарлаған кезде төмендегідей мәліметтер берілуі тиіс:

- өрттің болып жатырған мекен – жайы;
- хабарлаушының аты –жөні және байланысып тұрған телефон нөмірі.

Ең алдымен, абдырап, шу көтермеуге тырысып, қауіпсіз шығу жолын таңдаңыз. Өрт кезінде лифт пайдаланбаңыз, саты арқылы түсіңіз. Ешқашанда бағыт, бағдарсыз қашпаңыз. Өрт сөндірушілердің бұйрығына толықтай бағыныңыз. Өр жағдайда өзінді сенімді ұстап, үрейге берілмеңіз, тез және нық әрекет жасап, бірінші кезекте балалар мен қарттарға көмек көрсете біліңіз!



«Өрттен сақ бол»



«Өрттен сақ болайық»



«Тексерілді»

МКҚК №1 «Күншуақ»

бөбекжай-балабақшасының

әдіскері: Асанова Л.М

«Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық
қабілеттерін дамыту»

• «Балдаурен» ортаңғы тобы

Тәрбиеші: Орынбаева Э.Т

Маханбет А. М

2025- 2026 оқу жылы

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

Баланың шығармашылық қабілеттерін ерте жастан дамыту оның тұлғалық өсуі мен болашақ жетістіктерінің негізін қалайды. Бұл кезеңде балалардың қиялы кеңейіп, қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылығы артады. Сондықтан ата-аналар мен тәрбиешілер олардың шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай жасауы қажет.

Шығармашылық қабілеттерді дамытудың маңызы

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығы – олардың ойлау қабілетінің, қиялының және эстетикалық сезімдерінің көрінісі. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту:

Қиялын кеңейтеді – жаңа идеяларды ұсынуға, өзіндік ойларын еркін білдіруге үйретеді.

Ойлау қабілетін арттырады – логикалық және абстрактілі ойлауын дамытады.

Өзіндік сенімділігін нығайтады – өз ойын еркін жеткізуге, бастамашылық танытуға көмектеседі.

Шығармашылықты дамыту жолдары

Сурет салу және қолөнер

Балалардың қиялын дамытуда сурет салу ерекше рөл атқарады. Түрлі түстер мен пішіндерді қолдану арқылы олар өз ойларын бейнелейді. Сонымен қатар, мүсіндеу, қағаздан әртүрлі фигуралар жасау сияқты жұмыстар олардың ұсақ моторикасын дамытады.

Музыка және би

Музыка мен би балалардың эмоциясын еркін білдіруге көмектеседі. Ән айту, аспаптарда ойнау, әуенге сәйкес қимыл жасау олардың шығармашылық қабілетін арттырады.

Ертегі оқу және әңгіме құрастыру

Балалар ертегі тыңдау арқылы жаңа әлемдерді елестетеді. Оларға өз


ертегісін немесе оқиғасын құрастыруды ұсыну қиялдың дамуына ықпал етеді.

Рөлдік ойындар

Балалар ойыны – олардың әлемді тану тәсілі. Дәрігер, мұғалім, ғалым сияқты рөлдерге еніп ойнау арқылы олардың шығармашылық қабілеттері және әлеуметтік дағдылары дамиды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – олардың жан-жақты дамуы үшін маңызды процесс. Балаларға еркіндік беру, шығармашылық әрекеттерді қолдау және түрлі әдістерді қолдану арқылы олардың ойлау қабілетін, қиялын және өзіндік көзқарасын қалыптастыруға болады. Әрбір бала – болашақ өнертапқыш немесе өнер иесі, сондықтан олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру – маңызды міндет.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық
қабілеттерін дамыту»



«Тексерілді» 
МКҚК №1 «Күншуақ»
